



T.C.
KASTAMONU ÜNİVERSİTESİ
İnsan ve Toplum Bilimleri Fakültesi
Felsefe Bölümü

«8D02201 – Философия» білім беру бағдарламасы бойынша PhD дәрежесін алу үшін дайындаған
Ахметова Индира Абдигазымовнаның «Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік
(философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі)» атты диссертациялық жұмысына

ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Қоғамдық және мәдени салаларда жүріп жатқан қарқынды өзгерістер адамдарды жаңа құндылықтық ізденістеріне итермелеуде. Әсіресе жаһандану дәуірінде дәстүрлі моральдық негіздердің әлсіреуі еріктілік құбылысын философиялық-этикалық тұрғыдан бағалаудың маңыздылығын күшейтті. Бұл құбылыс тек әлеуметтік тәжірибе ғана емес, сонымен қатар рухани тұтастық пен адамгершілік жауапкершіліктің негізгі категориясы ретінде көрініс табады. Қазақ даласының мәдени мұрасында сақталған өзара көмек пен ынтымақ дәстүрлері қазіргі қоғам үшін сарқылмас құндылық көзі болып табылады.

Индира Ахметованың диссертациясы еріктілік феноменін ұлттық құндылықтар жүйесінің аясында қарастырып, оны философиялық категориялар деңгейінде терең теориялық талдау арқылы зерделейді. Зерттеу жұмысында классикалық философиялық көзқарастар мен қазақ даласының әлеуметтік-мәдени болмысы өзара ұштасып, әрі жергілікті ерекшелігі, әрі әмбебап ғылыми контексті бар біртұтас жүйе қалыптастырылған.

Зерттеу құрылымы айқын, логикалық жүйелілігі жоғары. Диссертацияда еріктілік феномені тарихи, мәдени және философиялық тұрғыдан кең көлемде қарастырылған; әдіснамалық тұрғыдан герменевтикалық, салыстырмалы және феноменологиялық тәсілдер тиімді қолданылған. Алынған нәтижелер тек теориялық деңгейде ғана емес, сонымен қатар білім беру, әлеуметтік саясат және қоғамдық сана салаларында да қолдануға жарамды.


Докторанттың Түркия Республикасы Кастамону университетінде бір айлық ғылыми тағылымдамадан өтуі оның зерттеу сапасын айтарлықтай байытқан. Сонымен қатар Гази университетіндегі академиялық алмасу бағдарламасына қатысуы ғылыми көзқарасын кеңейтіп, зерттеу жұмысына әдіснамалық және мазмұндық жағынан жаңа қырлар қосты. Осы кезеңдерде докторант түрік тіліндегі ғылыми әдебиеттермен тікелей жұмыс істеп, еріктілік феноменін Ахмет Яссауидің сопылық ойларымен байланыстыра зерттеген және бұл ұғымды Абайдың жомарттық түсінігімен салыстырған. Сондай-ақ қазақ мәдениетіндегі «асар» дәстүрі мен түрік қоғамындағы «имеже» тәжірибесін салыстыру арқылы ортақ рухани құндылықтардың тарихи сабақтастығын айқындауы – зерттеудің маңызды жаңалығы болып табылады. Сонымен бірге, зерттеудің назар аударарлық қырларының бірі – автордың жастар арасында жүргізген сауалнамасы. Бұл эмпирикалық зерттеу еріктілік қызметіне қатысу уәждемелерін, әлеуметтік күтулер мен құндылықтық бағдарларды анықтай отырып, жұмыстың ғылыми және қоғамдық өзектілігін күшейткен. Алынған нәтижелер түрлі академиялық басылымдарда және халықаралық ғылыми ортада жарияланған. Әсіресе Францияда жарық көрген монография еріктіліктің философиялық және мәдени қырларын жаһандық деңгейде таныстырып, Абайдың жомарттық ілімі тұрғысынан бағалаған. Түркияда шыққан монографияда Ахмет Яссауи көзқарастары негізінде еріктіліктің этикалық іргетастары терең зерттелген. Бұл еңбектер зерттеудің ұлттық қана емес, халықаралық ғылыми маңызға ие екенін айғақтайды.

Диссертация нәтижелері түрлі ғылыми алаңдарда баяндалып, ғылыми қауымдастық тарапынан оң бағаланып, халықаралық деңгейде де назарға алынған. Сонымен қатар докторант түрлі офлайн конференцияларда белсенді қатысып, ғылыми баяндамалар жасаған. Әсіресе өзінің ғылыми баяндамасы үшін «Үздік баяндама» марапатына ие болған және оның еңбектері халықаралық ғылыми академия деңгейінде жоғары бағаланып, марапатталған.

Қорытындылай келе, Ахметова Индира Абдигазымовнаның «Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік (философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі)» атты диссертациялық жұмысы мазмұны, әдісі және ғылыми үлесі тұрғысынан жоғары деңгейдегі ғылыми еңбек болып табылады. Сондықтан Ахметова Индира Абдигазымовна «8D02201 – Философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толықтай лайық.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Философия ғылымдарының докторы
Кастамону университеті, Түркия Республикасы



Хаджи Ахмет ШИМШЕК